

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР / ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ /
PEDAGOGICAL SCIENCES

DOI 10.54596/2309-6977-2022-3-81-87

ӘОЖ 355.2.001

ҒТАМА 78.19.07

**КУРСАНТТЫҢ КӘСІБИ-ҚОЛДАНБАЛЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ –
БОЛАШАҚ ОФИЦЕРДІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ
ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ**

**Бурнаев З.Р.^{1*}, Зернов Д.Ю.², Байшокенова Э.А.¹, Горохов А.С.²,
Альшимбаева Г.А.¹**

¹*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы
Ұлттық қорғаныс университеті, Астана, Қазақстан Республикасы*

²*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл,
Қазақстан Республикасы*

E-mail: ZernovD2002@mail.ru

Андатпа

Қазақстанның әскери жоғары оқу орындары курсанттарының дене тәрбиесі процесін жетілдіру өзекті мәселе болып табылады, оны шешу кезінде қызметтік-жауынгерлік қызметтің нақты түрлеріне және әртүрлі климаттық-географиялық жағдайларға қатысты оларды даярлауда кәсіби-қолданбалы бағытын ескерген абзал, өйткені дене қабілеттерін жеткіліксіз дамытқан кәсіби шеберлікті меңгеруде жиі артқа тартатыны белгілі. Қазақстанның әскери жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі жүйесінің жалпы қолданбалы бағытымен қатар, онда жауынгерлік даярлыққа қатысты – нақты қызмет түрлеріне және түрлі жерлерде (далада, тауларда, орманда) алдағы қызметке байланысты арнайы бейінді сабақтармен қамтамасыз ету қажет. Әскери қызметшілердің кәсіби іс-әрекетінің көптеген түрлері алдын-ала дене дайындығысыз мүлдем қол жетімсіз, сондықтан да бағытталған дене шынықтыру кәсіби оқытудың сапасын арттырады, сонымен бірге айтарлықтай экономикалық әсерін тигізеді, өйткені тиісті біліктілігі бар кадрларды даярлауға уақыт пен материалдық шығындар қысқарады.

Түйінді сөздер: Қазақстан, әскери ЖОО, дене шынықтыру дайындығы, жауынгерлік дайындық, әскери қызметші, курсант.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПРИКЛАДНАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА
КУРСАНТА – ОСНОВНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ БОЕВОЙ ПОДГОТОВКИ
БУДУЩЕГО ОФИЦЕРА**

**Бурнаев З.Р.^{1*}, Зернов Д.Ю.², Байшокенова Э.А.¹, Горохов А.С.²,
Альшимбаева Г.А.¹**

¹*Национальный университет обороны имени первого Президента
Республики Казахстан – Елбасы, Астана, Республика Казахстан*

²*Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск,
Республика Казахстан*

E-mail: ZernovD2002@mail.ru

Аннотация

Совершенствование процесса физического воспитания курсантов военных вузов Казахстана является актуальной проблемой, при решении которой необходимо учитывать профессионально-прикладную направленность их подготовки применительно к конкретным видам служебно-боевой

деятельности и разнообразным климатогеографическим условиям, ведь недостаточно развитые физические способности нередко тормозят овладение профессиональным мастерством. Наряду с общей прикладной направленностью системы физического воспитания в военных вузах Казахстана, в ней необходимо обеспечить специальное профилирование занятий и применительно к боевой подготовке – конкретным видам служебной деятельности и предстоящей службе на различной местности (в степи, в горах, в лесу). Большинство видов профессиональной деятельности военнослужащих вообще недоступно без предварительной физической подготовки, поэтому направленная физическая подготовка повышает качество профессионального обучения и одновременно дает значительный экономический эффект, поскольку сокращаются время и материальные ресурсы на подготовку кадров соответствующей квалификации.

Ключевые слова: Казахстан, военный вуз, физическая подготовка, боевая подготовка, военнослужащий, курсант.

THE BASIS OF THE COMPONENT OF THE COMBAT TRAINING OF THE FUTURE OFFICER IS THE PROFESSIONAL AND APPLIED PHYSICAL TRAINING OF THE CADET

Z.R. Burnaev¹, D.Y. Zernov², E.A. Baishokenova¹,

A.S. Gorokhov², G.A. Alshimbaeva¹

*¹National Defense University named after the First President
of the Republic of Kazakhstan-country, Astana, Republic of Kazakhstan*

*²M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan
E-mail: ZernovD2002@mail.ru*

Annotation

Improving the process of physical education of cadets of military universities of Kazakhstan is an urgent problem, in solving which it is necessary to take into account the professional and applied orientation of their training in relation to specific types of service and combat activities and diverse climatic and geographical conditions, because insufficiently developed physical abilities often hinder the mastery of professional skills. Along with the general applied orientation of the system of physical education in military universities of Kazakhstan, it is necessary to provide special profiling of classes in relation to combat training – specific types of service activities and upcoming service in various terrain (in the steppe, in the mountains, in the forest). Most types of professional activities of military personnel are generally inaccessible without prior physical training, therefore, targeted physical training improves the quality of vocational training and at the same time gives a significant economic effect, since the time and material costs for training appropriately qualified personnel are reduced.

Keywords: Kazakhstan, military university, physical training, combat training, soldier, cadet.

Кіріспе

Дене шынықтыру дайындығы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жеке құрамының жауынгерлік даярлығының негізгі пәні болып табылатыны өздеріңізге аян және қоршаған ортаның климаттық және географиялық факторларының өзгеруін ескере отырып, әскери қызмет пен жауынгерлік тапсырмаларды орындау ерекшеліктеріне байланысты әскери қызметшілер ағзасының әртүрлі жағдайлардағы іс-қимылдарға төзімділігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады [1].

Курсанттың (болашақ офицердің) дене шынығуы:

- әскери қызметшінің болмысы, оның өмір сүру тәсілі;
- бірінші кезекте оның алдағы қызметтік-жауынгерлік іс-шараларға, қарқынды жауынгерлік даярлыққа дайындығы;
- адамның дене қабілеттерін дамытуға арналған қоғамда жинақталған құралдар мен тәсілдерді белсенді және жүйелі түрде пайдалану;

– қозғалыс қабілеттерінің кең ауқымын, жоғары деңгейді, дене сұлулығын, денсаулықты, қажетті дене қабілеттерін дамыту;

– дене шынықтыру және спорттық білімділігі, оның жеке құндылықты-бағдарланған бағыты – үнемідене шынықтыруды жетілдіру.

Зерттеудің әдістері және ұйымдастырылуы

Зерттеу екі әскери жоғары оқу орны – Радиоэлектроника және байланыс Әскери-инженерлік институты (Алматы) және Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты (Алматы) базасында жүргізілді. 2018-2020 оқу жылдарында жүргізілген зерттеуге бірінші курстың 30 курсанты, екінші курстың 30 курсанты қатысты.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Болашақ офицер тұлғасының нақты жағдайларда дене мәдениетін қарастыра отырып, оның қалыптасу, даму және байқату ерекшеліктерін анықтайтын ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін ескеру қажет. Ішкі жекефакторларға жас шамасы, денсаулық жағдайы, дене шынығуының даму деңгейі, құндылықтар жүйесі, көзқарастар, мотивтер жатады. Дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін сыртқы факторларға мыналар жатады: қызмет ету сипаты мен жағдайлары, тұрғылықты жері, материалдық жағынан қамтамасыз етілу деңгейі, отбасы жағдайы, бос уақыттың ұзақтығы, шағын ортаның, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы, шарттардың әсері жатады [2].

Әскери қызметкерлердің дене шынықтыру деңгейінің жеткіліксіз болуының басты себептері – қанағаттанарлықсыз қызмет жағдайлары, дұрыс тамақтанбау, темекі шегуге, алкогольге зиянды тәуелділіктен көрінетін қисынсыз мінез-құлық, үйде гигиеналық жайлылыққа қажетті жағдайлардың болмауы, үйдегі белсенділіктің жеткіліксіздігі болып табылады.

Адам өмірінің әртүрлі кезеңдеріндегі ішкі және сыртқы факторлардың әсері бірдей емес, көбінесе оның дене шынығуының ерекшеліктерін елеулі дәрежеде анықтайды. Осыған байланысты адам өмірін 5 кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – туғаннан 18 жасқа дейін – дене бітімінің қалыптасу кезеңі. Екінші кезең – 18-25 жас аралығы – дене бітімінің тұрақтану (орнығу) кезеңі. Үшінші кезең – 25 жастан 40 жасқа дейін – дене бітімінің қалыпты кезеңі. Төртінші кезең – 40 жастан 60 жасқа дейін – биологиялық потенциалдар мен дене қасиеттердің баяулау (басылу) кезеңі. Бесінші кезең – 60 жастан кейін – геронтологиялық өзгерістердің алдын алу кезеңі.

18 жастан 25 жасқа дейін негізінде ағзаның морфологиялық және функционалдық сипаттамалары қалыптасуының, өмірде қажетті қозғалыс жасау ептілігі мен дағдыларының негізгі дене қабілеттерінің құрылымдарының дамуы аяқталады. Дәл осы кезеңде әскери қызметшінің денсаулығын, қызметте тиімділігін және қоғамдық белсенділігін арттырудың саналы жаттығуына айналатын болашақ офицердің кәсіби-қолданбалы дене шынықтыру дайындығының құндылық бағдарларында елеулі өзгерістер болуы тиіс. Сонымен қатар, кәсіби даярлыққа қол жеткізу, қызметтік өсу, қоғамдық жұмыстар, отбасын құру және бала тәрбиелеу мәселелерімен салыстырғанда дене шынықтыруды жетілдіру мәселесі екінші орынға шығады. 25 жастан кейін адамдардың дене шынықтыру-сауықтыру белсенділігінің төмендеуі байқалатын жағдай қазіргі уақытта бүкіл әлемде белең алды. Ал бұл офицердің қызметтік белсенділігінің тиімді кезеңінде оның дене шынығу қабілеттерінің төмендеуімен жалғасып, денсаулық жағдайы нашарлап, сайып келгенде, жол беруге болмайтын елдің қорғаныс қабілеттілігі төмендеуі мүмкін. Сондықтан да, әскери жоғары оқу орындарының дене шынықтыру

тәрбиесі кафедрасы оқытушыларының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – курсанттардың бойында дене шынықтыруға деген оң көзқарасты қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстанудың практикалық дағдыларын меңгерту болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстанның жоғары әскери оқу орындарында дене шынықтыру жүйесінің жалпы қолданбалы бағытымен қатар жауынгерлік даярлыққа – қызметтік іс-әрекеттің нақты түрлері мен алдағы қызметке қатысты әр түрлі аймақтарға (далада, тауда, орманда) қатысты арнайы бейінді сабақтармен қамтамасыз етілуі қажет. Мұндайбейінді бағыт кәсіби-қолданбалы дене шынықтыру даярлығында толық көрініс табады, белгілі бір әскери-есептік мамандықтың арнайы талаптарына жауап беретін, жеке құрамның кәсіби маңызды қозғалтқыш біліктіліктермен және дағдылармен қарулануының негізгі мазмұны дене шынықтыру тәрбиесінің қабілеттері және әр түрлі климаттық-географиялық жағдайларда алдағы қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдарға дайындау болып табылады [3].

Дене шынықтыру тәрбиесінің кәсіби бейінді процесінің практикалық маңыздылығы елеулі, өйткені ол жеке құрамның кәсіби дайындығы нарттыруда жалпы әскери ұрыстың күрделі жағдайында заманауи техниканы басқару жағдайында әскери қызметшілер функцияларының сенімділігін арттыру, кәсіби біліктілік пен дағдыларды игеру мерзімін қысқартуда, кадрлардың кәсіби даярлығын арттыруда тікелей факторлардың бірі болып табылады.

Әскери қызметшінің қызметтік-қимылдары қызметісыртқы орта менорындалған іс-әрекеттер туралы ақпаратты тұрақты қабылдауға және талдауға негізделген. Бұл ақпаратты қабылдау белгілі бір (көру, есту, қозғалыс) анализаторлардың басым жүктелуіне байланысты және оперативті қойлау, назар салу, есте сақтау, жүйке-эмоционалды күйзелістер т.б. сияқты психикалық процестермен байланысты. Сонымен қатар, психикалық процестердің сипаттамалары көп жағдайда келіп түсетін ақпараттың сипаты мен көлеміне және қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдар процесінде оларды адамның қабылдауына байланысты. Бұл сигналдардың түрлері мен қарқындылығын, олардың қарқынын өлшеуді, уақыт бірлігінде түсетін ақпараттың мөлшерін, сондай-ақ қабылдау шарттарын білдіреді. Осы көрсетілген белгілерді, олардың маңыздылық дәрежесін, нақты кәсіби қызметтегі (мысалы, атқыш-зенитшілер, гранатометшілер, мергендер, атқыштар, анықтаушы-операторлар бронетехникалар, механик-жүргізушілер т.б.) маңызды мағыналарын (сипаттарын) зерттей отырып, әскери қызметшілердің психикалық және қозғалысқа білеттеріне арналған арнайы талаптарды белгілеуге болады [4].

Қызметтік іс-қимылдардың сипаттамасы кәсіби-қолданбалы дене шынықтыру дайындығының тағы бір анықтаушы объективті факторы болып табылады. Оны ерекшелеу Отан қорғаушылардың қозғалыс іс-қимылдарының құрылымынталдауға негізделген. Ресми іс-қимылдарда олардың қозғалыс құрамдас бөліктері – кәсіби қозғалыстардың қызмет көрсету объектісі арқылы қызметтік іс-қимылдар құралдары түрленіп, мақсатқа қол жеткізіледі. Сонымен қатар, көптеген қызмет түрлерінде іс-қимылдар қайталануы орынды, өйткені бір тапсырма бірнеше рет қайталанып орындалады. Нәтижесінде кәсіби қозғалыстар негізінен стереотиптік және сонымен бірге сапалық жағынан алуан түрлі. Осы орайда, мемлекеттік тіл деберілген бұйрықтарды мүмкіндігінше қысқа етіп, екі жақты түсіндіруге жол бермейтіндей етіп, сонымен бірге алдағы іс-қимылдар туралы толық ақпаратты қамтитындай етіп, оларды жүзеге асыруға бөлінген уақытты талдау және жетілдіру қажет деп санаймыз [5].

Белгілі бір кәсіби қызметтегі қызметтік қозғалыстардың ерекшелігі оның ағзаға психофизиологиялық әсерін анықтайды. Сондықтан «негізгі қызмет қозғалыстарының сипаты» деген ұғымды бөліп көрсету заңды. Бұл осы кәсіби қызметтің мазмұнын құрайтын әскери қызметшілердің іс-әрекеттеріндегі негізгі қызметтік қозғалыстардың айқын көрінетін (басымды) белгілерінің жиынтығын білдіреді. Қызметтік іс-қимылдардың моторлық ерекшеліктерінің көрсетілген жиынтықтағы қозғалыстардың түрін (басу, соғу, айналдыру және т.б.), қолдың, аяқтың, дененің және т.б. қимылдарының келісімді реттілік ерекшеліктерін көрсету арқылы сипаттауға, сонымен қатар сандық көрсеткіштерде (кеңістік, уақыт және динамикалық параметрлер) ұсынуға болады. Әскери мамандықтың адамның дене дайындығына қоятын өзіне тән талаптары қызметтің ерекше сыртқы шарттарынан да туындайды. Олар және қолданбалы қозғалыс біліктілігі мен дағдыларын игере алуын талап ететін көптеген жұмыс түрлері кезінде еңбек процесін қиындататын факторлардың қатарлас әсерін білдіреді.

Қолайсыз сыртқы жағдайлар сонымен қатар қызметтік-жауынгерлікті қоса алғанда, (қолайсыз жұмыс қалпы, шайқалу (теңіз ауруы), гипокинезия, қыздыратын немесе салқындататын микроклимат және т.б.) ағзаның функцияларын қосымша күйзеліске ұшыратады және қызмет көрсету қозғалыстарының параметрлерін нашарлатады [5].

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін қазіргі заманғы кешенді автоматтандыру және механикаландыру жағдайында жылдам және дәл әрекеттердің үлесі салмағы артып келеді, жиі қозғалыстарды үйлестіру айтарлықтай күрделі. Әскери қызметшілердің іс-қимылдары көбінесе жағдайды тез қабылдаумен, алынған ақпаратты қысқа мерзімде өңдеумен шұғыл жауап беруіне (шешім қабылдауына) байланысты. Осыған байланысты бұл адамдардың орталық жүйке жүйесіне, әсіресе қимыл-қозғалыстарды үйлестіру механизмдеріне, қозғалыс, көру және басқа да анализаторлардың қызметіне жоғары талаптар қойылады [6].

Дене шынықтыру қабілеттердің жеткіліксіз дамығандығы көбінесе кәсіби шеберлікті меңгеруге кедергі жасайды. Әскери қызметшілердің кәсіби қызмет түрлерінің көпшілігінде, әдетте, алдын ала дене дайындығы болмаса (мысалы, әуе-десанттық және зениттік-зымыран әскерлерінде, авиацияда, теңіз флотында және т.б.) қол жеткізу мүмкін емес. Бағытталған дене шынықтыру даярлығы кәсіби білім беру сапасын арттырады және сонымен қатар айтарлықтай экономикалық нәтиже береді, өйткені сәйкес білікті кадрларды дайындауға кететін уақыт пен материалдық шығындар азаяды [7].

Әскери-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының арнайы тапсырмалары мыналарды қамтамасыз етеді:

- алған әскери-есептік мамандықтың арнайы талаптарына сәйкес келетін денешынықтыру қабілеттерін дамыту;
- әскери қызметте қолданылатын қозғалыс біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру;
- қызметтік-жауынгерлік-әрекеттің арнайы жағдайларының қолайсыз әсеріне ағзадағы тұрақтылықты арттыру;
- денешынықтыру құралдары арқылы сәйкес мамандыққа талап етілетін ерікті және басқа да психикалық қабілеттерді дамыту [8].

Қорытынды

Осылайша, Қазақстандағы әскери жоғары оқу орындары курсанттарының дене тәрбиесі процесін жетілдіру өзекті мәселе болып табылады, оны шешуде оларды алдағы қызметтік-жауынгерлік (жауынгерлік даярлықты) қызметтің нақты түрлеріне қатысты

даярлаудың кәсіби-қолданбалы бағытын және әр түрлі климаттық-географиялық жағдайларын ескеру қажет.

Нақты кәсіби қызметтердің ерекшеліктеріне сәйкес дене жаттығулары кәсіби даярлықтың негізгі құралдарына жатады. Әскери-қолданбалы дене тәрбиесінің құралдары олардың бағытына қарай топтарға бөлінеді: кәсіби маңызды дене қабілеттерін дамыту; ерікті және басқа да психикалық қабілеттерге тәрбиелеу; әскери-қолданбалы біліктер мен дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру; қоршаған ортаның қолайсыз әсерлеріне ағзаның төзімділігін арттыру.

Әдебиет:

1. Бурнаев З.Р., Габбасова Э.З., Хаустов С.И. Қазақстанның Қарулы Күштеріндегі жеке құрамның дене дайындығын бағалаудың кейбір аспектілері // Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі, 2013, №4. – 21-25 б.
2. Бурнаев З.Р., Бергибаев Б.А., Мукушев С.А., Токин Б.Б., Жарменов Д.К. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің дене даярлығы және оқу-жаттығу процесінің мазмұнына әсер ететін факторлар // «Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының ғылыми еңбектері» әскери ғылыми-техникалық журналы. - Алматы, РЭБИӨИ, 2021, №3. – 47-56 б.
3. Бурнаев З.Р. Курсанттардың дене даярлығы деңгейіне әскер етуші экстремальды жүктемелерге талдау жасау // «Қайнар» университетінің хабаршысы, 2008, №3/1(63). – 95-98 б.
4. Кожамбетов Х.К., Бурнаев З.Р., Жумалиев Т.К., Наби Е.М. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамына құмды жерлерде дене және жауынгерлік даярлықтарының қажеттілігі туралы әскери қызметшілерінің дене даярлығы // Дене шынықтыру бюллетені. - Алматы, 2010, №2. – 45-47 б.
5. Бурнаев З.Р., Судаков В.В., Кириченко А.И. ҚР ҚК ҚӘ дене шынықтыру бойынша қолданыстағы құжаттардың қайта өңдеу қажеттілігінің кейбір алғышарттары // «Шекара» мамандандырылған ғылыми жабық журналы. - Алматы, ҚР ҰҚК ШҚА, 2020, №2. – 103-108 б.
6. Бурнаев З.Р. Болашақ офицерлерді алдағы жауынгерлік қимылдарға дайындауда қауіпсіздікпен қамтамасыз ету // ҚР ҚМ Әскери институтының Хабаршысы. - Алматы, 2008, №2. – 47-50 б.
7. Бурнаев З.Р., Судаков В.В., Хаустов С.И., Габбасова Э.З., Жарменов Д.К. Features of managing the process of physical training of military personnel and cadets of higher military educational institutions of the armed forces of the Republic of Kazakhstan using computer technology // Journal Name Review of International Geographical Education Online (RIGEO). Ref. Rigeo_October2021-15041 (sjr 2020 =0.22).
8. Бурнаев З.Р., Бокаев О.Т. Тепе-теңдік функциясын дамытуға бағытталған құралдарды қолдану және олардың болашақ офицерлерді дайындау процесіндегі рөлі // Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің хабаршысы, 2008, №1(25). – 90-92 б.

References:

1. Burnaev Z.R., Gabbasova E.Z., Haustov S.I. Kazakhstannyn Qaruly Kyshterindegi zheke qyramnyn дене дайындығын бағалаудың кейбір аспектілері // Dene shynoktyru teoriyasy men әdistemesi, 2013, №4. - 21-25 b.
2. Burnaev Z.R., Bergibaev B.A., Mukushev S.A., Tokin B.B., Zharmenov D.K. Қазақстан Respublikasy Qaruly Kyshteri әskeri qyzmetshileriniң дене dayarlyғы zhәне оқу-zhatyғу procesiniң mазmұнына әсер etetin faktorlar // «Radioelektronika zhәне bajlanys әskeri-inzhenerlik institutynyn ғыlymi еңбектері» әskeri ғыlymi-tehnikalық zhurnaly. - Almaty, REBIӨI, 2021, №3. – 47-56 b.
3. Burnaev Z.R. Kursanttardyn дене dayarlyғы deңgejine әsker etushi ekstremal'dy zhyktemelerge taldaу zhasau // «Qajnar» universitetiniң habarshysy, 2008, №3/1(63). – 95-98 b.
4. Kozhahmetov H.K., Burnaev Z.R., Zhumaliev T.K., Nabi E.M. Қазақстан Respublikasy Qaruly Kyshteriniң zheke qyramyna qymdy zherlerde дене zhәне zhaуyngerlik dayarlyqtarynyn kazhettiligi туралы әskeri qyzmetshileriniң дене dayarlyғы // Dene shynoktyru byulleteni. - Almaty, 2010, №2. – 45-47 b.
5. Burnaev Z.R., Sudakov V.V., Kirichenko A.I. ҚР ҚК ҚӘ дене shynoktyru bojynsha қолданystary qyzhattardyn қajta өндеу kazhettiliginiң кейбір алғышарттары// «Shekara» mamandandyryлған ғыlymi zhabyқ zhurnaly. - Almaty, ҚР ҰҚК SHҚА, 2020, №2. – 103-108 b.

6. Burnaev Z.R. Bolashak oficerlerdi aldaғы zhauyngerlik қимyldarға dajyndauda қаuipsizdikpen қамтамasyz etu // ҚР ҚМ Әskerі institutyның Habarshysy. - Almaty, 2008, №2. –47-50 b.
7. Burnaev Z.R., Sudakov V.V., Haustov S.I., Gabbasova E.Z., Zharmenov D.K. Features of managing the process of physical training of military personnel and cadets of higher military educational institutions of the armed forces of the Republic of Kazakhstan using computer tecnoljgy // Journal Name Review of International Geographical Education Online (RIGEO). Ref. Rigeo_October2021-15041 (sjr 2020 =0.22).
8. Burnaev Z.R., Bokaev O.T. Tere-teңdik funkciyasyn ddamyturа бағыttalған құraldardy қoldanu zhәне olardyң bolashak oficerlerdi dajyndau procesindegi rөli // Қорқыт ата atyndaғы Kyzylorda memlekettik universitetiniң habarshysy, 2008, №1(25). – 90-92 b.